

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 26 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Больгерт Евгений Андреевичке беріледі.

БОЛЬГЕРТ Е.А. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылып отыр.

Конвенция является одним из ключевых международных договоров, регулирующих вопросы оказания правовой помощи по гражданским и семейным делам между государствами-участниками.

Основной целью закона является обеспечение надлежащей защиты прав и законных интересов несовершеннолетних детей на территориях договаривающихся сторон.

Протокол направлен на совершенствование положений действующей конвенции путем регламентации вопросов, связанных с признанием и исполнением судебных приказов о взыскании алиментов на несовершеннолетних детей.

Протоколом вносится ряд изменений.

Во-первых, положения конвенции распространяются не только на судебные решения, но и на судебные приказы. Судебный приказ является упрощенной формой судебного акта, применяемой в том числе при взыскании алиментов, что позволит оперативно защищать права несовершеннолетних детей.

Во-вторых, расширяется перечень решений, вынесенных на территории других договаривающихся сторон и подлежащих принудительному исполнению, за счет включения в него судебных приказов.

В-третьих, статья 53 конвенции, устанавливающая порядок подачи ходатайства о разрешении принудительного исполнения решения, дополняется нормами, предусматривающими применение данного порядка также в отношении судебных приказов.

Расширяется перечень необходимых документов, прилагаемых к ходатайству о принудительном исполнении судебного приказа, а также дополняются основания для отказа в выдаче разрешения на принудительное исполнение.

Исполнение судебных актов по алиментным обязательствам в трансграничных ситуациях остается актуальным. За последние пять лет в Министерство юстиции Республики Казахстан поступило 102 ходатайства о признании и исполнении решений иностранных судов, из них по 94 удовлетворено, а по 8 отказано.

Что касается исходящих ходатайств, за тот же период направлено 169 ходатайств, из них по 153 удовлетворено, а по 16 отказано.

За 2025 год 11 ходатайств поступило из Республики Узбекистан и одно из Азербайджанской Республики. Все материалы направлены в Верховный Суд Республики Казахстан для рассмотрения вопросов о признании и последующем исполнении.

Ратификация протокола позволит устранить существующие правовые пробелы при исполнении судебных приказов в трансграничных ситуациях, повысит эффективность взыскания алиментов, обеспечит более действенную защиту прав и законных интересов несовершеннолетних детей, а также укрепит международный авторитет Республики Казахстан как государства, последовательно гарантирующего защиту прав ребенка.

Хаттаманы іске асыру теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты талқыланып, қаралды. Парламент Сенатының тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер түскен жоқ.

Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Есбай Амангелді Ғабдылкәрімұлына беріледі.

ЕСБАЙ А.Ғ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкіліне.

1993 жылғы 22 қаңтардағы конвенция ТМД мемлекеттері арасында азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастарды реттеу және бұл елдердің азаматтарына құқықтық көмек көрсетумен бірге сот актілерін өзара тану тетіктерін де реттейді.

Қаралып отырған хаттама ратификацияланған жағдайда осындай сот актілері қатарына кәмелетке толмаған балаға алимент өндіру туралы сот бұйрығы да енгізіледі. Бұл өз кезегінде баланың құқығын қорғауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл құптарлық шешім деп ойлаймын.

Біз жаңа Конституция қабылдадық. Қазақстанда халықаралық шарттарды қолдану тәртібі заңдарда айқындалады деп бекіткен болатынбыз. Ескі Конституцияда халықаралық шарттардың ұлттық заңдардың алдында басымдығы бар екенін білеміз. Осы орайда сұрағым бар.

Хаттама шарттарын орындау үшін ұлттық заңнамамызға өзгерістер енгізу қажет пе және жаңа Конституцияның қабылдануына байланысты халықаралық шарттардың орындалуы қалай жүзеге асырылатын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Әділет вице-министрі Ваисов Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса жауап берейін.

Да, действительно, в соответствии с принятием новой Конституции изменен подход к соотношению международных договоров и национального законодательства. Вместе с тем международные договоры Республики Казахстан, участником которых является Казахстан, остаются обязательными для исполнения, входят в действующее право Республики Казахстан.

Кроме того, хотел отметить, что в статье 10 одним из принципов Конституции является соблюдение международных принципов. Это также соответствует основополагающим принципам исполнения международных договоров, как Pacta sunt servanda, то есть договоры должны соблюдаться.

Если говорить о нашем конкретном вопросе, то изменения национального законодательства не потребуются.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Өтешов Серік Балғатайұлына беріледі.

ӨТЕШОВ С.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Менің де сұрағым Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің өкіліне.

В ходе рассмотрения закона отмечалось, что предлагаемые изменения направлены прежде всего на упрощение и ускорение процедуры трансграничного взыскания алиментов, а также усиление защиты прав несовершеннолетних. Вместе с тем не конкретизированы механизмы практической реализации предлагаемых норм после ратификации, включая вопросы организации межведомственного взаимодействия и внедрения цифровых решений для оперативного исполнения судебных приказов о взыскании алиментов в трансграничных ситуациях.

В этой связи возникает вопрос: какие конкретные организационные и цифровые механизмы планируется реализовать для обеспечения эффективного и оперативного исполнения судебных приказов о взыскании алиментов в трансграничных ситуациях после ратификации данного протокола? Спасибо.

ТӨРАҒА. Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАЙСОВ Д.М. Следует отметить, что вместе с подписанием данного протокола в этот же день, 26 июня 2025 года, было подписано Соглашение о сотрудничестве по обмену информацией при осуществлении принудительного исполнения судебных актов, актов иных уполномоченных органов и должностных лиц. Его реализация позволит в электронном формате повысить эффективность исполнения исполнительных документов. В частности, по реализации алиментных обязательств – за счет своевременного получения сведений, необходимых для розыска должников, их доходов и имущества.

В части интеграции баз я хотел бы отметить, что интеграция баз не планируется между странами, то есть у каждой стороны будет отдельная база. Информация будет поступать по запросам. Спасибо.

ТӨРАҒА. Есть у вас информация, сколько составляет сегодня задолженность по алиментам в рамках нашей страны?

ВАЙСОВ Д.М. Такой информации на данный момент у меня нет.

ТӨРАҒА. Кто-то может из присутствующих ответить? Наверное, нет.

Мы знаем, что более 300 тысяч случаев, по которым есть соответствующие решения. Фактически более 300 тысяч человек не платят алиментов, насколько мы обладаем цифрами, но в то же время по общей задолженности цифр у нас нет. Я думаю, что такие цифры вам надо проработать, выяснить и потом в письменном порядке нас проинформировать.

Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Евгений Андреевич. Орныңызға отырыңыз.

Енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Асанова Жанна Бейсентайқызына беріледі.

АСАНОВА Ж.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Отбасы қатынастары мен кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау саласындағы трансшекаралық жағдайларды реттейтін халықаралық құқықтық стандарттардың мәні ерекше. Бүгінгі күндері балаларға алимент өндіру секілді мәселелер тек ұлттық деңгейде шешілмей, сонымен бірге мемлекеттер арасындағы өзара құқықтық үйлестіруді талап етеді. Осы тұрғыда ұсынылып отырған заңның маңызы зор. Ол 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялауға бағытталған. Бұл хаттама балалардың құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауды күшейтетін, сот актілерін, оның ішінде сот бұйрықтарын тану және орындау рәсімдерін үйлестіретін маңызды құқықтық құрал болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда халықаралық және шетелдік сот актілеріне сүйене отырып атқарылған істер тәжірибесі бұл нормалардың өзектілігін растайды. 2020 – 2025 жылдар аралығында кәмелетке толмаған балалар мүддесінде жүргізілген атқару өндірістерінің саны жүзден асып, жалпы қарыз сомасы 47 миллион теңгені құрады. Бұл көрсеткіш трансшекаралық алимент өндірудің күрделілігін және тиімді құқықтық шешімдердің маңыздылығын айқын көрсетіп отыр.

Заңды қабылдау хаттаманы ратификациялауға жол ашып, балалардың құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Ол тек құқықтық рәсімдердің үйлесімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, еліміздің халықаралық стандарттарға сай сенімді және тұрақты құқықтық тетіктерді қалыптастыруына септігін тигізеді. Осылайша заң кәмелетке толмағандардың мүдделерін қорғауда маңызды қадам болып табылады және Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін нығайтуға бағытталған нақты, тиімді құқықтық бастама болып есептеледі.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Тастекеев Қайрат Құлбайұлына беріледі.

ТАСТЕКЕЕВ Қ.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер! Сіздердің назарларыңызға «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы ұсынылады.

Заңның мақсаты кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын уағдаласушы тараптардың аумақтарында тануға және мәжбүрлеп орындауға жататын сот актілерінің тізбесіне енгізу жолымен конвенцияға қатысушы мемлекеттердің аумақтарындағы кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Хаттама кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын тану мен орындауды айқындайтын мәселелерді реттеу арқылы 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы конвенцияның ережелерін жетілдіруге бағытталған.

Қаралып отырған құжат конвенцияның ережелеріне бірқатар өзгерістер енгізуді көздейді. Атап айтқанда:

конвенция шеңберінде танылып, орындалуға жататын сот актілерінің қатарын азаматтық істер бойынша сот шешімдерімен қатар кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарымен толықтыру ұсынылады;

бұл түзетулер алимент міндеттемелері бойынша шешімдердің неғұрлым тиімді орындалуын қамтамасыз ете отырып балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге үлкен мүмкіндік береді;

шешімді тану және орындау туралы өтінішхат беру тәртібін белгілейтін конвенцияның тиісті бабы сот бұйрықтарына қатысты да қолдануды көздейтін ережелермен толықтырылады;

борышкерге сот бұйрығы табыс етілмеген немесе жіберілмеген жағдайда сот бұйрығын шығаруға қатысты негізді қоса отырып, шешімдерді танудан және орындаудан бас тарту негіздерінің тізбесі кеңейтіледі.

Хаттаманы ратификациялау конвенцияға қатысушы мемлекеттер арасындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық тетігін жетілдіруге, сондай-ақ уағдаласушы тараптардың аумақтарында кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын тануды және мәжбүрлеп орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен заң бойынша ескертулер мен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Заң жұмыс тобы мен комитет отырыстарында жан-жақты талқыланып, қаралды.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабы 4-тармағына сәйкес мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?
Сөз депутат Жексенбай Бибигүл Нұрғалиқызына беріледі.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкіліне.

Бүгінгі күні Қазақстанда шетелге шығып кеткен борышкерлерден, әсіресе алимент төлеуден жалтарып жүрген тұлғалардан қаражат өндіру мәселесі өте өзекті. Ашық шекаралар мен мемлекетаралық деректер алмасудың әлсіздігі салдарынан мұндай тұлғалар өз табыстарын жасырып қана қоймай, іс жүзінде басқа юрисдикцияларда «жоғалып кетуі» мүмкін. Бұл тек құқықтық проблема емес, бұл әлеуметтік әділеттілік, балалардың құқықтарын қорғау және мемлекеттің өз азаматтарының алдындағы жауапкершілік мәселесі.

Қазақстан өзін цифрлық трансформация саласында көшбасшы мемлекет ретінде көрсетіп келеді. Осы тұрғыда нақты сұрақтар туындайды.

Біріншіден, Қазақстанның ақпараттық жүйелері осы хаттама шеңберінде ТМД елдерімен интеграциялануға қаншалықты дайын?

Қазіргі таңда қандай нақты цифрлық инфрақұрылым бар және ол мемлекетаралық деңгейде деректер алмасуды толық қамтамасыз ете ала ма?

Екіншіден, Әділет министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, сот орындаушылары үшін дәстүрлі қағаз хат-хабар алмасудан бас тартып, тікелей цифрлық өзара іс-қимыл арнасын құру мәселесін қарастырып отыр ма? Егер қарастырылып отырса оның нақты мерзімдері мен техникалық шешімдері қандай?

Үшіншіден, борышкерлердің активтерін ТМД елдері аумағында іздестіру және анықтау процесін Қазақстан ішіндегі деңгейге жақындату бойынша қандай нақты шаралар қабылдануда? Бұл бағытта нақты технологиялық және құқықтық дайындық деңгейі қандай?
Рақмет.

ТӨРАҒА. Ваисов Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАИСОВ Д.М. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса жауап берейін.

Вопрос, о котором Вы говорите, это вопрос не этого протокола, а Протокола об обмене данных, который сейчас находится на стадии согласования, в рамках которого будет расширено применение электронных документов.

По вопросу интеграции баз данных. Как я уже отвечал, такой вопрос между государствами Содружества Независимых Государств не стоит.

По вопросу цифровизации на территории Республики Казахстан и поиску. У нас 1 июля 2025 года был внедрен, запущен модуль «Цифровой ассистент» в «Кабинете сторон исполнительного производства».

Кроме того, в настоящее время рассматривается интеграция базы Генеральной прокуратуры по поиску должников, то есть применение их системы для поиска должников по алиментам.

Третий вопрос, если можно, пожалуйста, повторите.

ТӨРАҒА. Депутат Жексенбай Бибиғұл Нұрғалиқызы.

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. Борышкерлердің активтерін ТМД елдері аумағында іздестіру және анықтау процесін Қазақстан ішіндегі деңгейге жақындату бойынша қандай нақты шаралар қарастырылуда?

Біз бұл бағытта нақты қандай технологиялық және құқықтық дайындықтар жасай аламыз?

ТӨРАҒА. Жауап беріңіз.

ВАЙСОВ Д.М. Спасибо за вопрос.

Вопрос исполнения на территории стран Содружества Независимых Государств будет регулироваться национальным законодательством этих стран. Этот вопрос будет зависеть от готовности национального законодательства в этих странах. То есть данный протокол не регулирует эти меры.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Бұқтұғұтов Шәкәрім Сабырұлына беріледі.

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Менің сұрағым Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі Ваисовке.

Как мы знаем, Кишиневская конвенция 2002 года является усовершенствованной версией Минской конвенции 1993 года. Ее главное новшество – максимальное упрощение процесса признания и исполнения судебных приказов о взыскании алиментов.

У меня были вопросы, но частично при рассмотрении первого вопроса Вы ответили. Но полной картины нет, Вы не смогли ответить на вопрос нашего спикера, сколько задолженности. Хотя на рабочих заседаниях комитета ваши специалисты утверждали, что по сравнению с другими странами, в принципе, в Казахстане минимально в этом плане, картина более благополучная. Тем не менее мы хотели знать официальную статистику.

Принятие сегодняшней конвенции как сократит, пойдет ли ускорение взыскания всех судебных решений в целом по странам Содружества Независимых Государств, в первую очередь, конечно, по Казахстану? Рақмет.

ТӨРАҒА. Дәниел Мерейұлы, жауап беріңіз.

ВАЙСОВ Д.М. Спасибо за вопрос.

В части количества я затрудняюсь ответить, но в процентном отношении у нас по проблемным алиментам около 6 процентов. Эта цифра у нас примерно одинаковая каждый год. На самом деле большинство алиментных обязательств исполняется на территории Республики Казахстан.

Какие меры принимает Министерство юстиции на территории Республики Казахстан? Нами совместно с депутатами проводится работа по совершенствованию законодательства по исполнительному производству. Депутатами инициирован закон о

внесении изменений в исполнительное производство, который будет предполагать более широкий охват и контроль над деятельностью частных судебных исполнителей. Проводится интеграция с базами Министерства труда и социальной защиты населения, Министерства финансов в части букмекерских контор, лотерей, Яндекс.Такси, то есть это поиск доходов.

Кроме того, внесены и вступили в силу изменения, которые дают право суду назначать алименты не в процентном соотношении, а в денежной сумме. Это поможет нам по вопросу, когда отсутствует постоянная работа у должника.

В части судебных приказов, однозначно, это упростит и ускорит процедуру по взысканию алиментов, когда родители находятся в разных странах.

До этого момента у нас статистика была хорошая, по конвенции, как отмечалось, у нас исполнялось более 90 процентов решений. Но именно в части судебных приказов, учитывая, что они не входили в перечень судебных актов, предусмотренных к конвенции, зачастую суды запрашивали дополнительную информацию по данным судебным приказам, что затягивало процесс по взысканию алиментов.

Принятие данного протокола, однозначно, улучшит и ускорит процедуру по взысканию задолженности по алиментам в трансграничных вопросах.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Қайрат Құлбайұлы. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Қадырбек Мұрат Болатұлына беріледі.

ҚАДЫРБЕК М.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы халықаралық конвенциялар мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуда маңызды рөл атқарады. Олар конвенцияға қатысушы мемлекеттердің аумағында азаматтардың, соның ішінде кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға ықпал етеді.

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне, әсіресе алимент өндіру туралы сот бұйрықтарын тану және орындау бөлігінде ерекше назар аударылады. Бұл нормалар ата-аналардың қай мемлекетте тұратынына қарамастан кәмелетке толмағандардың алимент төлемдерін алу құқығын қамтамасыз ете отырып халықаралық ынтымақтастықты күшейтеді.

«2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау оң құқықтық және әлеуметтік-экономикалық нәтижелерге алып келеді. Атап айтқанда, хаттама ережелерін іске асыру:

мемлекетаралық қатынастарда сот бұйрықтарын орындау кезінде туындайтын құқықтық айқынсыздықтарды жоюға;

балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыруға;

сот шешімдері мен сот бұйрықтарын неғұрлым жедел әрі кедергісіз орындауға жағдай жасауға, бұл өз кезегінде азаматтардың құқықтық жүйеге деген сенімін нығайтуға;

алименттік міндеттемелер саласындағы халықаралық стандарттардың сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Хаттама Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және халықаралық шарттарына сәйкес келеді және конвенцияға қатысушы мемлекеттердің аумағында алимент өндіру кезінде кәмелетке толмаған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталған.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мен қаралып отырған заңды қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық. «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған хаттамалар Минск және Кишинев конвенцияларына қосылған елдерде балаларға алимент өндіріп алу тетіктерін жетілдіруді көздейді. Осы мақсатпен сот бұйрықтарын тану бөлігінде қажетті түзетулер енгізіліп отыр. Бұл түзетулер балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау тиімділігін арттырады деп сенеміз.

Осы заңдар бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Орынбасаров Бекбол Тілеумұратұлына беріледі.

ОРЫНБАСАРОВ Б.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына жолданады.

«Құрметті Берік Ноғайұлы! Соңғы уақытта менің атыма азаматтар мен мүлік иелерінің бірлестіктерінен тұрғын үй қатынастары саласындағы күрделі жүйелі проблемаларды айғақтайтын ұжымдық өтініштер жиі келіп түсуде. Бұл өтініштерді талдау заң бойынша барлық пәтер иелеріне ортақ үлестік бөлінбейтін меншік құқығымен тиесілі болуы тиіс ортақ үй мүлкін заңсыз иеліктен шығаруға және басып алуға байланысты құқық бұзушылықтардың жаппай сипат алғанын көрсетеді. Техникалық қабаттар мен жертөлелерді өз бетінше қайта жабдықтау және оларды кейіннен сату фактілері қолданыстағы заңнама нормалары мен азаматтардың құқықтарын өрескел бұзатын үйреншікті практикаға айналуға және бұл жағдай жіті назар аударуды талап етеді.

Особое беспокойство вызывает то обстоятельство, что, вопреки проектной документации и требованиям Закона «О жилищных отношениях», технические помещения зачастую узакониваются как жилые или коммерческие объекты при прямом или косвенном содействии местных исполнительных органов. Это приводит к тому, что собственники лишаются доступа к критически важным инженерным сетям, насосным станциям и тепловым узлам. Подобные действия создают прямую угрозу безопасности эксплуатации зданий, кратно повышают риски возникновения аварийных ситуаций и чрезвычайных случаев, что в конечном итоге несет непосредственную угрозу жизни и здоровью граждан.

Кроме того, незаконные перепланировки создают избыточную нагрузку на инженерные коммуникации, которая не была предусмотрена при проектировании жилых комплексов.

Одним из наиболее острых стало обращение руководителя Ассоциации собственников жилищно-коммунального хозяйства Карбаева Ерлана, в котором указывается на многочисленные факты самовольного захвата, узаконения и последующей продажи технических этажей и подвалов.

В качестве примера приводится ситуация в ОСИ «Проспект Құдайбердыұлы дом 29/1», где, по информации жителей, технические этажи были переоборудованы под жилые помещения. Несмотря на наличие проектной документации и судебных актов, подтверждающих технический статус данных площадей, вопрос их возврата в первоначальное состояние остается открытым. Сложившаяся практика рассмотрения подобных дел вызывает у собственников большую обеспокоенность, так как это может создать прецедент, идущий вразрез с нормами действующего законодательства.

Аналогичная непростая ситуация сложилась в ОСИ «Бірлік пен Бақыт», где передача цокольных этажей в частную собственность привела к ограничению доступа жильцов к жизненно важным инженерным сетям, включая теплоузлы и насосные станции. Это создает объективные сложности в техническом обслуживании и может нести риски для безопасной эксплуатации здания в долгосрочной перспективе.

Отдельного внимания требует и конфликтная обстановка в ОСИ «Иманова 42», где споры за возврат общедомового имущества сопровождаются фактами давления на руководство объединения, что требует соответствующей правовой оценки со стороны компетентных органов.

Данная проблема носит системный характер и охватывает множество объектов в столице и республике, включая ОСИ «Басқару-1», «Шерқала», «Отандастар», «ЖК «Энергетик» и микрорайон Самал.

В условиях проводимой государством политики по защите прав граждан текущие подходы к решению подобных споров со стороны ответственных структур требуют более глубокого анализа и координации. Представляется необходимым усилить контроль за соблюдением жилищного законодательства, чтобы исключить факты нецелевого использования общедомовых площадей и обеспечить стабильную работу органов управления жилым фондом.

Важно отметить, что, согласно представленной информации, заявители неоднократно предпринимали попытки защитить свои права на местном уровне. Ими направлялись соответствующие обращения в местные исполнительные органы, а также в

районные и городские органы прокуратуры. Однако, несмотря на пройденные инстанции, правовая неопределенность сохраняется, а окончательное решение вопроса по существу так и не было достигнуто, что вынуждает граждан искать содействие на более высоком государственном уровне.

На основании изложенного, уважаемый Берік Ноғайұлы, просим Вас:

1) провести проверку законности отчуждения общедомового имущества и выдачи разрешений на перепланировку технических помещений в указанных жилых комплексах;

2) принять меры прокурорского реагирования для признания сделок недействительными и возврата технических этажей, подвалов и паркингов в состав кондоминиума через судебные органы;

3) рассмотреть вопрос об усилении административной и уголовной ответственности за фальсификацию протоколов собраний собственников и незаконное завладение общим имуществом.

Депутаттық сауалға заңға сәйкес толық жазбаша жауап беруіңіз сұралады.

Құрметпен депутаттар Б. Орынбасаров, Б. Жексенбай».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жүнісов Талғат Тұрлыбекұлына беріледі.

ЖҮНІСОВ Т.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына жолданады.

«Уважаемый Роман Васильевич! Поводом для нашего депутатского запроса послужили обращения депутатов маслихатов Аккольского и Жаксынского районов Акмолинской области. Особую обеспокоенность вызывает изменение графика движения поездов с 1 апреля текущего года на станциях Ак-Куль и Жаксы.

Глава государства Касым-Жомарт Кемелевич Токаев на постоянной основе поднимает вопросы укрепления принципов социальной справедливости, защиты прав и интересов граждан, а также обеспечения равного доступа населения к социальной и транспортной инфраструктуре. Однако среди жителей вышеуказанных регионов складывается неблагоприятная ситуация.

Так, на станции Ак-Куль отменяются остановки четырех пар пассажирских поездов: 75/76 «Кызылорда – Петропавловск», 83/84 «Караганда – Москва», 113/114 «Алматы – Казань», 145/146 «Астана – Омск».

Железнодорожная станция Ак-Куль обеспечивает транспортную доступность для жителей Аккольского района – более 22 тысяч человек, города Степногорска – около 45 тысяч человек, близлежащих населенных пунктов и сельских округов города Степногорска – более 30 тысяч человек.

Таким образом, решение данного вопроса затрагивает интересы более 100 тысяч жителей, для которых железнодорожный транспорт является одним из наиболее доступных и социально значимых видов передвижения.

Станция Ак-Куль является важным транспортным узлом, поскольку расположена между крупными транспортными направлениями – городом Астаной и курортной зоной Бурабай.

Отмена остановок пассажирских поездов на станции Ак-Куль может привести к существенному снижению транспортной доступности региона, увеличению финансовой нагрузки на население при поездках в крупные города, а также ограничению возможностей жителей получать медицинские, образовательные и иные социально значимые услуги.

Аналогичная ситуация складывается и в Жаксынском районе. На станции Жаксы прекращаются остановки пассажирских поездов 043/044 «Костанай – Алматы», 037/038 «Семей – Мангистау».

Отсутствие остановок данных поездов для посадки и высадки пассажиров создает серьезные неудобства для жителей района. Численность населения Жаксынского района составляет порядка 16 тысяч человек, значительная часть которых регулярно пользуется железнодорожным транспортом.

Кроме того, большое количество студентов района обучаются в городе Костанай и других городах, для них железнодорожное сообщение является одним из наиболее доступных и безопасных способов передвижения.

Также железнодорожным транспортом активно пользуются пенсионеры и жители района, выезжающие на лечение и обследование в медицинские учреждения других регионов.

Следует отметить, что расстояния между населенными пунктами и крупными городами значительные, что ограничивает альтернативные возможности передвижения. В этой связи прекращение остановок указанных поездов на станции Жаксы может привести к усилению транспортной изолированности района.

Дополнительно следует учитывать, что Жаксынский район расположен в зоне резко континентального климата. В зимний и весенний периоды на территории района часто наблюдаются сильные бураны, морозы и гололед, что существенно осложняет передвижение автомобильным транспортом и повышает риски для безопасности граждан. В таких условиях железнодорожный транспорт зачастую является наиболее надежным и безопасным способом передвижения для жителей района.

Вместе с тем особое недоумение у жителей вызывает тот факт, что в текущем году на станции Жаксы был проведен капитальный ремонт здания железнодорожного вокзала, а на станции Ак-Куль в настоящее время также проводится капитальный ремонт здания вокзала, на который были направлены значительные финансовые средства. В этой связи возникает закономерный вопрос о целесообразности данных затрат, если одновременно рассматривается вопрос о прекращении остановок пассажирских поездов на указанных станциях.

Следует также отметить, что в Аккольском и Жаксынском районах активно развивается социальная инфраструктура, направленная на улучшение качества жизни населения. В районах открыты учреждения для детей с особыми потребностями, работают образовательные и реабилитационные центры.

Для эффективного функционирования всех этих социальных объектов населению необходим надежный доступ к транспорту, включая железнодорожное сообщение. В этой

связи возникает объективный вопрос о том, каким образом пациенты, в том числе дети с особыми потребностями и сопровождающие их родители, будут добираться к месту получения медицинской помощи и обратно, если остановки пассажирских поездов на указанных станциях будут отменены?

Данные изменения уже вызвали серьезное недовольство среди населения и усилили социальную напряженность. Рассматриваемое решение получило широкий общественный резонанс среди жителей регионов.

Уважаемый Роман Васильевич, с учетом всех перечисленных факторов, включая обеспеченность межрегиональных транспортных связей, развитие социальной сферы районов, климатические особенности, просим оказать содействие в сохранении остановок пассажирских поездов на станциях Ак-Куль и Жаксы.

О результатах рассмотрения просим сообщить в установленный законом срок.

С уважением, Жунусов, Бекенов».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа депутаттық сауалдар жоқ. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 26 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Конвенцию о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 22 января 1993 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Е.А. БОЛЬГЕРТТІҢ баяндамасы

Доклад секретаря Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам БОЛЬГЕРТА Е.А. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЕСБАЙ А.Ғ. 3

ВАЙСОВ Д.М. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 3

ӨТЕШОВ С.Б. 3

ВАЙСОВ Д.М. 4

АСАНОВА Ж.Б. 4

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Конвенцию о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 7 октября 2002 года», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Қ.Қ. ТАСТЕКЕЕВТІҢ баяндамасы

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам ТАСТЕКЕЕВА К.К. 6

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖЕКСЕНБАЙ Б.Н. 7

ВАЙСОВ Д.М. – Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, вице-министр юстиции Республики Казахстан 7

БҰҚТҰҒҰТОВ Ш.С. 8

ВАЙСОВ Д.М. 8

ҚАДЫРБЕК М.Б. 9

Депутат Б.Т. ОРЫНБАСАРОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Б.Н. Асылowқа депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ОРЫНБАСАРОВА Б.Т. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Асылowу Б.Н. 10

Депутат Т.Т. ЖҮНІСОВТИҢ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Склярға депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЖУНУСОВА Т.Т. к Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Р.В. 12

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы» РМК Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева